

Н.А. Абдурахманов *¹, А.С. Мұрат ², К.У. Қарабаева ³

¹ Аймақтық инновациялық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы,
E-mail:nurmuhammeda@mail.ru

² Аймақтық инновациялық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы,
E-mail:karabaevakulzaria@gmail.ru

³ Аймақтық инновациялық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы
E-mail:murat_arman1@mail.ru

КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫНЫҢ САЯСИ ҚУҒЫН СҮРГІН ТАРИХЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ

Аңдатпа

Бұл мақалада 1928-1938 жылдардағы бай-кулактарды тәркілеу науқанындағы Оңтүстік өңірінің Қазығұрт ауданынан қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың талайлы тағдыры архив құжаттары негізінде біршама зерттеп-зерделенеді. Сонымен қатар мұрағат материалдарына сүйеніліп таразыланады. Сондай-ақ аталған аудандағы тәркіленген байлар тізімі арқылы архив материалдарын тиімді пайдаланып, алынған тақырыпты барынша ашып көрсетілген.

Сонымен қатар 1937-1938 жылдары Қазығұрт ауданындағы репрессияланған бірқатар дін өкілдерінің қасіретті тағдырын да таразылап, оларға қарсы қозғалған жасанды қылмыстық істің жай-жапсарын танып білуге талпыныс жасалынған.

Одан бөлек, 1937-1938 жылдарда саяси репрессияға ұшыраған, Қазығұрт ауданынан шыққан белгілі тұлғаларына қатысты сот және тергеу ісі құжаттарын қуғын-сүргін саясатын зерттеуде маңызды дерек көзі ретінде кәдеге асыруға талпыныс жасалынған. Мәселен, М. Нарботаев секілді қарапайым тұрғындардың да жазықсыз жазаға ұшырап, үстінен қозғалған тергеу хаттамалары мен үкімдеріне толыққанды талдау жасалынады. Былайша айтқанда, сол зобалаң заманда жазықсыз сотты болған азаматтардың тергеу ісі тереңірек талданып, саяси репрессияның мақсат-межесі айқындалып көрсетіледі. Осы мақсатта Кеңестік Қазақстандағы саяси репрессия кезінде жазықсыз қуғындалған аталмыш азаматқа қатысты қылмыстық іс Шымкент қаласы Полиция департаментінің арнайы мемлекеттік архивінің құжаттары, тергеу материалдары негізінде мейлінше елеп-екшеледі.

Кілт сөздер: Жаңа Қазақстан, мұрағат мұрасы, кәмпеске науқаны, саяси репрессия, бай-кулактар, ақтау үдерісі, Қазығұрт ауданы, Оңтүстік өңірі, 1928-1938 жылдар.

Абдурахманов Н.А. *¹, Мурат А.С. ², Карабаева К.У. ³

¹ Региональный инновационный университет, г.Шымкент, Республика Казахстан
E-mail:nurmuhammeda@mail.ru

² Региональный инновационный университет, г.Шымкент, Республика Казахстан
E-mail:karabaevakulzaria@gmail.ru

³ Региональный инновационный университет, г.Шымкент, Республика Казахстан
E-mail:murat_arman1@mail.ru

ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИИ И ОСОБЕННОСТИ ПОЛИТИЧЕСКОЙ РЕПРЕССИИ КАЗЫГУРТСКОГО РАЙОНА В СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД

Аннотация

В статье на основе архивных документов анализируются и исследуются различные судьбы граждан, сосланных из Казыгуртского района Южного региона в ходе кампании по конфискации имущество кулаков в 1928-1938 годах. К тому же дается объективная оценка политическому и социальному положению населения района на основе различных ведомственных архивных материалов. Также работая по спискам конфискованных и

репрессированных граждан в указанном районе, эффективно используя архивные материалы, максимально предприняты действия для раскрытия данной проблемы.

Кроме этого была проанализирована и дана оценка трагической судьбе ряда репрессированных представителей религии в 1937-1938 годах в Кзылгурском районе и предпринята попытка выяснить подробности сфабрикованного против них уголовного дела.

Наряду с этим предпринята попытка использовать в качестве важного источника данные документов судебных и следственных дел при изучении репрессивной политики, касающихся известных лиц Кзылгурского района, подвергшихся политическим репрессиям в 1937-1938 годах. Например, в отношении невинных граждан, подобных Нарботаева М. рассмотрен полный анализ протоколов следствия и приговоров суда. Иными словами, были детально проанализированы следственные дела невинных граждан, осужденных в те суровые времена, и выяснены цели политических репрессий. С этой целью уголовное дело в отношении указанного гражданина, невинно преследуемого в период политических репрессий в Советском Казахстане, было тщательно расследовано на основе документов и материалов следствия специального государственного архива Шымкентского управления полиции.

Ключевые слова: Новый Казахстан, архивное наследие, кампания по конфискации имущества, политические репрессии, зажиточные кулаки, реабилитация репрессированных, Кзылгурский район, Южный регион, 1928-1938 годы.

Abdurakhmanov N.A. , Murat A.S. , Karabaeva K.U. *

*¹Regional Innovation University, Shymkent, Republic of Kazakhstan
E-mail:nurmuhameda@mail.ru*

*²Regional Innovation University, Shymkent, Republic of Kazakhstan
E-mail:karabaevakulzaria@gmail.ru*

*³Regional Innovation University, Shymkent, Republic of Kazakhstan
E-mail:murat_arman1@mail.ru*

STUDY OF THE HISTORY AND FEATURES OF POLITICAL REPRESSION OF THE KAZYGURT DISTRICT IN THE SOVIET PERIOD

Abstract

The article, based on archival documents, analyzes and examines the various fates of citizens exiled from the Kazygurt district of the Southern region during the campaign to confiscate the property of the kulaks in 1928-1938. In addition, an objective assessment is given of the political and social situation of the region's population on the basis of various departmental archival material. Also, working on the lists of confiscated and repressed citizens in the specified area, effectively using archival materials, maximum actions have been taken to solve this problem.

In addition, the tragic fate of a number of repressed representatives of religion in 1937-1938 in the Kazygurt region was analyzed and assessed and an attempt was made to find out the details of the criminal case fabricated against them.

Along with this, an attempt was made to use data from court documents and investigative cases as an important source when studying repressive policies concerning famous persons of the Kazygurt region who were subjected to political repression in 1937-1938. For example, in relation to innocent citizens like M. Narботаev, a full analysis of the investigation reports and court verdicts was considered. In other words, the investigative cases of innocent citizens convicted in those harsh times were analyzed in detail, and the goals of political repression were clarified. To this end, the criminal case against this citizen, innocently persecuted during the period of political repression in Soviet Kazakhstan, was thoroughly investigated on the basis of documents and investigative materials from the special state archive of the Shymkent Police Department.

Key words: New Kazakhstan, archival heritage, property confiscation campaign, political repressions, wealthy fists, rehabilitation of the repressed Kazygurt district, Southern region, 1928-1938 yy.

Кіріспе.

Кеңес үкіметінің тоталитарлық саясатының құрбаны болған көптеген қазақ азаматтары сияқты, Қазығұрт ауданының тұрғындары да осы кудалаудың құрбаны болды. Кеңес үкіметі тарапынан жүргізілген саяси репрессиялар Қазақстанның көптеген аудандарында терең із қалдырды, соның ішінде Қазығұрт ауданы да бар.

1928-1938 жылдардағы саяси репрессияда Қазығұрт ауданы тұрғындары да аз зардап шеккен жоқ. Саяси репрессияға қарсы бас көтергендерді аямай басып-жаншып, тұтқынға алып, сот үкімінсіз атып, аяусыз жазалап отырғандығын архив құжаттары анық көрсетеді.

Әрі бұл қара халықты қорқытып, елді үркітіп, әдейі қоғамда үрей туғызу үшін де жоғарыдан жасалған болатын. Бұл сүргіндер зиялылардың көздерін жоюға әкеліп соқты.

Жалпы Оңтүстік өңірінде сотты болғандар арасында атқару комитеттерінің 20 төрағасы мен онға жуық қызметкерлері, ауылдық кеңес төрағалары мен жауапты хатшыларының 9-ы, колхоз басшыларының 11-і, қалалық, аудандық ұйымдар мен мекемелердің 70 басшысы мен жауапты қызметкерлерінің 27-сі, МТС-тардың директорлары мен саяси бөлім жөніндегі орынбасарлары жауапты қызметкерлерінің 38 мен 12-сі, өндіріс орындары, құрылыс мекемелелерінің басшылары мен бас мамандарының 32-ден 22-і оқу ағарту ісі қызметкерлерінің 36-дан 8-і Ащысай кен өңірінде істеп жүрген 42 адамның 19-ы нақақтан жазықсыз жазаланып, кешегі коммунистен бірден қоғам жауына айналып, ұлтшылдықұйымның белсенді мүшесі ретінде ату жазасына үкім етіліп кете барды. Яғни Шымкент қалалық атқару комитетінің төрағасы Сейтбек Кенбаев, Ащысай комбинатының директоры Сергей Устинов, Шаян МТС-ының директоры Баймен Омарходжаев, Сайрам аудандық партия комитеті председателінің орынбасары Ергеш Мұсаев, Шымкент аудандық Ерназар атындағы колхоз председателі Махкамбай Мурзаев, Қызылқұм ауданының «Ұзын Арал» колхозының председателі Молтай Аралов, Шымкент қорғасын заводының инженері Шахман Тұртаев, «Көксарай» МТС-ы директорының орынбасары Нысанбай Садықбеков т.б. көптеген тұлғалар қайғы заманның құрбаны болды. Жалпы 1928-1938 жылдарда бай-кулак ретінде атылған, жер аударылған, молда-ишан ретінде көзі жойылған, «жапон тыңшысы» ретінде ату жазасы бұйырылған, әлі де ақталмаған Қаратастықтар көп-ақ.

Кеңестік биліктің жаппай қуғын-сүргінге ұшырату саясатының салдарынан репрессияландығандарға қатысты архив қорларында қалып қойған құпия құжаттар мен құнды материалдар жетерлік. Сол себепті де Түркістан облысының аудандарындағы аталған тақырыптарға қатысты архивтік құжаттарды ғылыми айналымға ұсыну маңызды.

Біздіңше, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы 24 қараша күні «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» жарлыққа қол қойғалы бері бұл тарапта біраз шаруаның басын қайырған мемлекеттік комиссияның кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарына қатысты тарихи әділеттілікті толық қалпына келтіру, ақтау жұмысы жалғаса түссе дейміз.

Мақсаты. Зерттеу жұмысының басты мақсаты – Оңтүстік өңірінің Қазығұрт ауданындағы 1928-1938 жылдардағы саяси репрессия салдарларын, тұлғалар тағдырын архив құжаттары негізінде зерттеп-зерделеу. Себебі 1928-1938 жылдардағы сот ісі құжаттары мен тергеу ісі материалдары, репрессия құрбандарына қатысты құпия құжаттар большевиктік биліктің репрессиялық саясатын зерттеуде маңызды дереккөз ретінде бағаланып отыр. Сондықтан да зерттеу жұмысының негізгі мақсат-міндеттері мыналар:

- Оңтүстік өңірінің Қазығұрт ауданындағы кәмпеске науқанына ұшыраған ауқаттылардың талайлы тағдырын айқындау;
- Осы бағытта Қазығұрт ауданында сүргін көрген кейбірішандарға қатысты құпия қорлар құжаттарының маңыздылығын талдау, т.б.;
- «Халық жауы» санатына еніп, жазықсыз қуғын көрген Қазығұрттық тұлғаларды ақтауға ұсыну.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер. Бұл мақалада Сырдария округінің Қазығұрт ауданындағы саяси репрессияға қатысты архив материалдарына сүйеніп, бірнеше әдіс-тәсілдерді пайдаландық.

Яғни зерттеу барысында саралау, талдау және қорыту, тарихи-салыстырмалы, жүйелік-құрылым-дық, тарихи зерттеу тәсілдері қолданылды. Сол саяси репрессияға байланысты құпия қорлардағы құжаттар мен материалдардың көбінде жасанды тергеу ісі жүргізілді деуге толық негіз бар. Сондықтан сол жылдардағы сот және тергеу ісінің құжаттары толық ғылыми айналымға түсуі тиіс.

Талқылау. Кеңестік Қазақстандағы кәмпеске науқаны – зейін қоя зерттеп-зерделеуді, терең талдап таразылауды қажет ететін тың тақырып. 1928 жылы 27 тамызда «Бай шаруашылықтарын тәркілеу және оларды жер аудару шаралары туралы» декрет жарияланған соң 1930 жылға дейін созылған тәркілеуде Қазығұрт ауданының бай-бағландары, жұрт құрметіне бөленген ел ағалары жазықсыз қудаланды.

Мәселен, 1928 жылы 15 сентябрде Қазығұрт аудандық ірі байлар мал-мүлкін конфискация ету комиссиясының мәжілісі болып, оған Құлжанұлы, Қырғызбайұлы, Исабекұлы, Қайнарбайқызы, Дүйсен Түртімбаев, т.б. қатысып, ірі байлардың мал-мүлкін алушының қалай бара жатқандығы, Ташкентке сатылуға кетіп жатқан малдар туралы мәселе сөз болады. Жиылыс ағасы Құлжанұлы-ның хабарына қарағанда, ірі байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу жұмысында мына кемшіліктер анықталыпты:

«Қақпақ ауылындағы комиссиялар байлардың малдарын алып, мал бағып жүрген қойшыларға есеп беріп, малға қарауылдың жөні осы деп шешкен. Тастаққа иіріп қойған. Байкөбекұлы мен Ахметұлдарына жүктелген әкімшілік ауылдардың саны көп болғандықтан олар бәріне бірдей барып үлгере алмаған.

Төбекұдық ауылдарының малдары кәмпескеленетін байлардың сандары көптігінен бұл ауылда жұмыстың қандай жүріп жатқаны мәлім емес. Қызылтал ауылына тағайындалған уәкілге осы уақытқа дейін материалдар жеткеріліп берілмеген» [1]. Бұл кемшіліктерді тезден жою үшін мынадай қаулы қабылданады. «Байкөбек ұлына сөзбен нұсқау беруге хәм Қызылжүзім ауылдарының жұмысын атқарып қайтуға Қырғызбайұлы дайындалсын. Тақантайұлына сөзбен нұсқау беруге Түртімбаевұлы барып қайтсын. Төбекұдық ауылындағы жұмыстарға жолбасшы етіп қайтуға жолдас Құлжанұлы дайындалсын. 1-Қарабау хәм Қоғабау ауылындағы жұмыстарды атқаруға жолдас Өтепұлы барсын. Қызылтал ауылындағы Дәленұлына материалдарды тапсыруға 1 адам жіберілсін. Аудандық атком баратын адамдарды тапсын». Яғни Қырғызбайұлының мағ-лұматына сүйенген жергілікті атқамінерлер мал айдаған адамдардың Ташкентке қарай ағылып жатқанын, ал сол мал айдаушылардың көбісі Шымкент үйезінің азаматтары екенін қаперге салып, бұл туралы округтік комиссияға жазып, кәмпескелеуден қашырып сатуға айдаған малдарды ұстауға шара көрілуін сұраған.

Дәл сол 1928 жылы Жаңабазарда базарға келген азаматтардың жалпы жиылысы болып, митингіге жиналған 1000 кісінің алдында төраға Қырғызбайұлы тағы да ірі байлардың малын кәмпескелеу туралы, азық таярлау туралы, сайлау науқаны туралы сөз айтқан, баяндама оқыған. Баяндама нәтижесінде бұл жұмысты іс жүзінде орындату жағына жәрдем беруге кедей-кембағал-дар сөз беріп, әсіресе, халыққа тізесін батырған датқалар мен ескі болыстардың жер аударылуы артықша назарға алынатын болып тарасады.

Сол жылы осы іспетті митинг қыркүйек айында Тұрбат қыстағында базарға жиналған азамат-тардың арасында да болып, жиылыс ағасы Құлжанұлының баяндамасында. Қазығұрт ауданындағы ірі байлар кедей табын аяққа басып күннен-күнге асқынып бара жатқаны атап көрсетіліп, Қазақстан үкіметінің ірі байлардың малын кәмпескелу туралы шығарған заңы уақтылы көтерілген мәселе деп табылып, азықты кооперативке сатып, арзан бағалы мата алу дикандарға пайдалы екендігін кең түрде түсіндірілген соң саудагермен күресуді әрбір азамат өз міндеті санап, «тап жауларымен» күрес жандана түсіпті [2]. Яғни, бұл кеңес көздеген мақсатына жетіп, үкіметтің қисынсыз салықтарын жинаудың жай-жапсары да сөз болған. Былайша айтқанда, шаруа салығы, астық салығы, қамсыздандыру салығы және басқа түрлі накладной қағаз қолға тиісімен төлеп құтыла беру барлық халыққа хабарландырылып, көп адам бірігіп төлесе істің оңай болатындығы елге түсіндіріліпті.

Осы іспетті ірі байлардың малын кәмпескелеуші Қазығұрт ауданының комиссиясының жиылысы да болып, жұмыс жоспары бекітіліп, 1929 жылдың 1 қазанынан бастап малды бөлуге

кірісу жоспарланады. Қызыл белсенділердің ел ішіндегі жансыздарынан алынған хабарға қарағанда ірі байлар малдарының кәмпескелу ретінде алынатынын біліп құда-жегжаттарына тыққыш-тап, жоқ қылуға шара көріп жатыр делінеді. Екінші, бай мен ақсүйектер қосылып, «малыңды болшевик үкіметі зорлық қылып алады» деп орта диқан-шаруалар арасына үгіт жүргізіп жатқан-дығы белгілі болыпты-мыш. Сондықтан, малын таратып алғаннан кейін өздері қашып кетуі мүмкіндігі де ескеріліп, Суықбұлақтан Ералқан Дәуренбекұлы, Әлмекұлы Сүлеймен; Жылыбұлақтан Аманқұлұлы, Рахымбай, Қоғақарабастаудан Оразқұлұлы, Жігерген, Жалпақ ауылдарынан Ақназарұлы, Зиябекұлы һәм Майлыбайұлы; Қақпақ ауылынан Наушабайұлы Медеубай, Төбекұдықтан Шоңай Бәйтерекұлы һәм Ақанбай Түйебекұлы аудандық кіндікке шақырылып алынған. Онан кейінгі тағдырлары беймәлім.

Осылайша ауданда ірі байлардың малын есепке алып, ауылдағы батырақтардың, кедейлердің тізімін алуға және бар артельдердің тұрмысын тексеруге Жылыбұлақ, Үшбұлақ, Суықбұлақ, Қызылжүзім, Жарты, Алты, Ащықарабау, Қоғақарабау, Қарабастау һәм Кемербастау ауылдарына Байкөбекұлы мен Ахмет ұлдары; Қақпақ, Кәпірзада һәм 3-ауылдарға Шақантайұлы; Жалпақ, Жігерген, Қосмола һәм Жылқышы ауылдарына Пірімбетұлы; Ұя һәм Қаржан ауылдарына Алданазарұлы; Жоғары ауылына Жұмабайұлы, Төбекұдыққа Бұлтұлы, Паркөз, Азатбашы һәм Кергетас ауылдарына Төлеке баласы, Қызылтал ауылына Дәленұлы, Шарбұлақ, Молдалы ауылдарына Құлжанов пен Қырғызбайұлы, Шарапханаға Қалдыбайұлы уәкіл болып бекітіліп, Ескендір мен Тұрбатта орыс пен өзбек тұратын болғаны себепті кәмпескелеу жұмысы жүргізілмепті.

Түйіндей айтқанда, 1928 жылы күзде Тұрбат қыстағында Қазығұрт аудандық партия комитетінің конференциясы болып, онда бірауыздан мына қаулыны қабылдайды: «Байлардың малдарын кәмпескелеп, өздерін басқа жаққа жер аудару, ауылда тап жігінің күшеюіне жол ашатын кедей табының, хандардың, датқалардың патша кезінде ұзақ уақыт болыс, би болып қара халықты патша үкіметінің табанына салып езгені үшін шен, шекпен алған атқамінерлердің уыстан мүлде құтылып кең түрде өріс алып өркендейтінін бекітеді.

Бұл жұмысты жоғарғы үкіметтің берген нұсқауының шегінен шықпай күнге асыруды, бұлжытпай орындауды партия көпшілігі міндетіне алады. Алынған малдарды әкімшілік ауылдың ішіндегі бұрын ұйымдасқан артельдерге беруді, яки, жаңадан артельдер ұйымдастырып, солардың шаруашылығын гүлдендіруге қорға беруді орынды деп табады.

Ал азық даярлау жұмыс туралы жасалған жоспардың дұрыс орындалуына жәрдемдес болуды барлық партия мүшелері өздеріне міндет деп санайды. Конференция бұл жұмысы туралы аудандық партия комитетіне тапсырады.

«Азық даярлау жұмысы туралы ауылдарда кең түрде үндеу жұмысы жүргізілсін. Бұл жұмысқа сайлау науқанын өткеруге ауылдарға шыққан аудандық уәкілдер пайдалансын.

Қазығұрт ауданының барлық азығын Ташкент базары жұтып жатыр. Себебі, Ташкентте нарық өте жоғары. Сол себепті, жоғары тұрған партия комитеттері арқылы бұл мәселені халыққа жағдайлы түрде шешсін.

Азық даярлау мекемелерінен белгіленген жоспар бойынша есепті баяндамалар алып, оларға дұрыс бағдар көрсетіп, қызметінен пайдаланып, қылмыс істегендері аяусыз ретте жауапқа тартылып сотқа берілсін» [3] деген қаулы да қатар орындалып, ел арасында беделі зор бай-қуатты-лардың бәрі де саяси сүргіннің құрбанына айналады. Солардың қатарында Қазығұрттық мына ауқаттылар да ілініп, баршасы жазықсыз жазаланады, сотты болып, жер аударылады, қоғамнан шеттетіліп, тағдырлары тәлкек болады:

1-кесте

Қаратас болысы		
Саяси сүргіннің құрбандары	Мекен-жайы	Руы
Сүлеймен Әлімбеков	Суықбұлақ	Сіргелі
Жақыпбек Құрбанов	Суықбұлақ	Сіргелі
Ералхан Дәуренбеков	Суықбұлақ	Сіргелі
Мұсырбай Әлиев	Суықбұлақ	Сіргелі
Бердібек Ташпанбетов	Жылыбұлақ	Дулат

Аманкүл Нұрманов	Жылыбұлақ	Дулат
Көшербай	Жылыбұлақ	Дулат
Айтбай Мұшхалов	Жылыбұлақ	Дулат
Бұрта Мұшхалов	Жылыбұлақ	Дулат
Кәрімов Ағабек	Алтын	Сіргелі
Аралбай Сәрсекөв	Алтын	Сіргелі
Беркімбаев	Шарапхана	Рамадан
Сарықұлтаев	Шарапхана	Рамадан
Нарман	Шарапхана	Рамадан
Сатылған	Қызыл	Дулат
Ілесбек	Жылқышы	Сіргелі
Асан Жұлысбеков	Қаржан	Дулат
Шонай Бәйтерекөв	Төбекұдық	Сіргелі
Райымберді	Төбекұдық	Сіргелі
Зиябек Ақназаров	Жігерген	Сіргелі
Қыпшақбай Ербаев	Төбекұдық	Сіргелі
Ақанбай Ағабекөв	Төбекұдық	Сіргелі
Сұлтан қалпе	Төбекұдық	Сіргелі
Балтабай Сандыбаев	Төбекұдық	Сіргелі
Пармаш Сапаров	Төбекұдық	Сіргелі
Айнақ Үсіпәліев	Төбекұдық	Сіргелі
Бейбатыров	Жоғары	Дулат
Жамантай Ақабаев	Төбекұдық	Сіргелі
Беркімбаев	Төбекұдық	Сіргелі
Әбдуәлі Сәйдүәліев	Қосмола	Сіргелі
Шалқарбай Жолдықараев	Қарабастау	Сіргелі
Жақыпбек Қорғанов	Суықбұлақ	Сіргелі
Бөрі Байболов	Жігерген	Сіргелі
Ағабек Тұртаев	Жүзімдік	Дулат
Құрак Дәрменов	Алтын	Сіргелі
Мамақұл Сыбанқұлов	Жігерген	Сіргелі
Сүлеймен Рамаданов	Шарапхана	Дулат

Богарная болысы

Касьянов Степан	Радзутак	
Касьянов Григорий	Радзутак	
Касьянов Лаврентий	Радзутак	
Касьянов Иван	Радзутак	
Касьянов Николай	Радзутак	
Колпаков Трофим	Радзутак	
Корнейко Михаил	Радзутак	
Корнейко Иосиф	Радзутак	
Корнауов Александр	Радзутак	
Корнауов Петр	Радзутак	
Корнауов Николай	Радзутак	
Турищев Николай	Радзутак	
Коробкин Иван	Радзутак	
Уваров Наум	Радзутак	
Уваров Егор	Радзутак	
Мокленко Антон	Радзутак	
Мароховский Николай	Радзутак	
Столбовский Гаврил	Радзутак	
Яськов Иван	Радзутак	
Макленко Василий	Радзутак	
Нестеренко Андрей	Радзутак	

Фролов Митрофан	Радзугак	
Кощенко Сергей	Радзугак	
Мокленко Иван	Радзугак	
Киселев Николай	Радзугак	
Кулоянц Типжали	Тоболино	
Жаникянц Андрей	Тоболино	
Вольф Александр	Тоболино	
Шнайдер Яков	Тоболино	
Альберт Иван	Тоболино	
Фишер Яков	Тоболино	
Филадень Филипп	Тоболино	
Лохман Генрих	Тоболино	
Ляубах Адам	Тоболино	
Шмидт Карл	Тоболино	
Унгерфуг Александр	Тоболино	
Шмидт Генрих	Тоболино	
Клоус Карл	Тоболино	
Шмидт Капфрид	Тоболино	
Гейдт Давид	Тоболино	
Найбаур Кондрат	Тоболино	
Унгифуг Карл	Тоболино	
Гомер Филипп	Тоболино	
Вебер Иван	Тоболино	
Фишер Федор	Тоболино	
Госман Яков	Тоболино	
Райтер Егор	Тоболино	
Шмидт Герняк	Тоболино	
Бирих Егор	Тоболино	
Бертрам Давид	Тоболино	
Фольц Карл	Тоболино	
Фишер Михаил	Тоболино	
Фендель Филипп	Тоболино	
Мишер Вольф	Тоболино	
Бертрам Карл	Тоболино	
Гей Давид	Тоболино	
Рейтер Генрих	Тоболино	
Ибгард Андрей	Степное	
Абраянец Николай	Степное	
Рау Карл	Степное	
Визнер Давид	Степное	
Абраянец Гельджан	Степное	
Треппель Федор	Степное	
Энгельман Иоган	Степное	
Шпедт Яков	Степное	
Энегельман Штглиб	Степное	
Моренц Самуил	Степное	
Триппель Рудольф	Степное	
Пеплер Фридрих	Степное	
Горн Генрих	Степное	
Триппель Иоган	Степное	
Пооль Иоган	Степное	
Пеплер Андрей	Степное	
Бекцлер Яков	Степное	
Пеплер Яков	Степное	
Фринглер Адам	Степное	

Пенслер Вильгельм	Степное	
Виндермур Яков	Степное	
Крылов Петр	Ленинское	
Нехорошев Алексей	Ленинское	
Крылов Ефим	Ленинское	
Нехорошев Михаил	Ленинское	
Нехорошев Василий	Ленинское	
Порошин Иван Тимофеевич	Ленинское	
Порошин Степан степанович	Ленинское	
Самодуров Иван Михеевич	Ленинское	
Порошин Алексей Васильевич	Ленинское	
Порошин Яков Тимофеевич	Ленинское	
Нехорошев Моисей Григорьевич	Ленинское	
Чернышев Михаил Тимофеевич	Ленинское	
Чернышев Иван Тимофеевич	Ленинское	
Крыдов Василий Тимофеевич	Ленинское	
Тарасов Василий	Ленинское	
Порошин Афанасий	Ленинское	
Порошин Моисей Николаевич	Ленинское	
Нехорошев Николай Петрович	Ленинское	
Пивоваров Тимофей	Ленинское	
Порошин Петр Степанович	Ленинское	
Порошин Павел	Ленинское	
Порошин Семен	Ленинское	
Чичев Тимофей Тимофеевич	Ленинское	
Карпов Егор	Ленинское	
Щедрин Григорий	Ленинское	
Ваньков Евдоким	Ленинское	
Нехорошев Степан	Ленинское	
Партнова Степанида	Ленинское	
Нехорошев Степан Петрович	Ленинское	
Пивоваров Иов	Ленинское	

Бұл тізімге мына төмендегі Қазығұрттық азаматтар да іліккенін кестеден көруге болады [4]. Түйіндей айтқанда, Түркістан облыстық мемлекеттік архиві қорындағы осынау құжаттарға үңіле отырып, кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргіннің салдарынан жазықсыз жапа шегіп, тәркілеу науқанында жер аударылып, жазаланып, азапталған Қазығұрттық азаматтар турасында біраз ақпар алып, тарихымыздың ақтаңдақ беттеріне біршама қанығуға болады.

Алайда, анығы сол, бұл аудандағы бай-кулак ретінде жазаланғандардың ішінде, жұртты исламға ұйытқан, елді иманға бастаған молда-ишандар да көп болатын. Олар да осы 1929-1930 жылдары құрықталып, бірізы сотталып, біразы жер аударылып, мешіттерінің көбі қиратылып, бірқаншасы басқа мақсатқа пайдаланылып, киелі орындардың есігіне қара құлып салынғанымен, 1937 жылға қарай саяси репрессияның келесі толқынында олардың дені іздеу-сұраусыз атылып кеткені анық. Мұны құпия қорлардағы құжаттар да толық айғақтайды.

Айталық, 1862 жылы Тұрбат ауылында туған Абдужалилов Ғаниходжа ишан, 1874 жылы дүниеге келген Қараходжаев Бұрхан ишан, 1875 жылы дүние есігін ашқан Тұрбаттың бай-ишаны Байзақов Өтемқұл үшеуі де 1929 жылы мал-мүлкі тәркіленгенімен большевиктік билік бәрібір оларды тыныш қоймаған. «Контрреволюциялық үгіт-насихатты белсенді жүргізді, Тұрбат ауыл-дық кеңесінің «Маданият» колхозында тұрақтап, контрреволюциялық топтың сойылын соқты, террористік жоспарларын жүзеге асыруға ұмтылу үстінде қолға түсті. Жақтастарын жасырын түрде мешітке жиып, мемлекетке қарсы агитация жүргізді» [5] деген жаламен қатаң үкім кесіледі.

Анығында сол тұста, молда-ишандар түгел құрықталған 1937-1938 жылдар да өтіп, саяси сүргін сәл саябырсыған 1939 жылдың өзінде де дінге қарсы күрес мейлінше күшейіп,

алақандай ауылдарда да «ескіліктің сарқыншағын» жою тіпті белең алған болатын. Мысалы, «Құдайсыздар қоғамының» сол 1939 жылғы кезекті облыстық конференциясында Қаратас ауданы атынан сөз алған Әуелбеков атты атқамінер былай депті: «...Ауданымызда «Құдайсыздар одағының» жұмысы әлі де нашар, көңіл көншітерліктей емес. Оның бас себебін мен мынадан көремін. Дінге қарсы агитацияны аудандық басшы ұйымдардың елемей келгендігі бұл жұмыстың ілгері басуына кедергі келтіріп отыр. Ауаткомның үгіт насихат бөлімі бұл жұмысты бір рет те қолға алмастан, большевиктік қырағылығын көрсете алмай келеді.

Ауданда дінге қарсы үгіт жұмысының нашар жүргізілгендігінен әлі де жас қыздар қалың малға сатылады, қалың мал төленіп, мешітте болмаса да кейбір заманы өткен қарияларға барып мұсылманша неке қидыру тоқтайтын емес. Одан да сорақысы, партия-кеңес қызметкерлері де ескіліктің жолымен жүруден кетері емес. Мысал керек болса айтайын, Төбеқұдық советінде Киров атындағы колхоздың председателі Жәрембаев, «9-январь» колхозының мүшесі Әуезовтер қос әйел алып отыр.

«Қызылтаң» колхозының мүшелері – Ақберді Мырзабеков, Үсіпбай Рысбековтар жас балаларына «бесіккірді» құда түсіп, ескі салтқа салынып отыр.

Қызылқия советіндегі орталау мектептің директоры Сейтназаров Жайық деген азамат молдаға үй ішіндегі адамды әйелі мен қарындасын, тіпті басы ауырса өзін де оқыттырып келген. Ораза кезінде Сейтжаппаров өзінің оқушыларына ақшалай «ихраж», зекет берген. Ораза тұту, той жасау, ескі салт-санаға салыну ауданда қызметкерлер арасында да жоқ емес. Менің ұсынысым: дінге қарсы ымырасыз күресте нәтижеге қол жеткізу үшін аудандық ұйымға 1 адам штат берілсін. Облыстан аудандарға лектор жіберіліп отырылсын. Жанды байланыс жасап, басшылығы күшейтілсін» [6].

Мұндай мысалдар 1925 жылдарға дейін жарық көрген «Ақ жол» газеті материалдарында да там-тұм болса да ұшырасады. Айталық, М. Назаров атты автор «Қалыңмал қайтсе құриды?» атты мақаласында:

«Ташкент үйезінде, Шарапхана болысы, Жылыбұлақ ауылында Қалымбет Жантөреұлы деген қарындасы Бекай дегенді 12 қара малға сол болыста, Кемербастау ауылында Оразбақ деген баласына алып беріп отыр. Кәне теңдік? Кәне әйел азаттығы? Ол жақтағы комсомол хәм партия ұйымдары ұйықтап жатыр ма? Неге назар салмайды?» [7], - деп дәстүрге берік жергілікті халықты, оларды демеп отырғандің өкілдерін сын садағына ілсе, Жүсіп Сайранбаев атты тағы бір жазғыш:

«...1918 жылғы ашаршылықтан Әулие ата үйезінен Оразгүл дейтін қатын байымен бірге Тәшкент үйезі Шарапхана болысы Кемербас ауылына келеді. Келген соң байы өліп, екі қатыны бар Қақан дегеннің тарысын қорып, күнін өткізді. Бір күні Қақан жақыны Ерназарды шақырып алып: «Қатынды маған көндіріп бер!» - дейді. Ерназар «Қақанға тіпті тимесең, қиын болады» дейді. Қатын көнбейді. Ерназар көнбегенге қарамай, ауылындағы молласын шақырады. Ол көнбеген соң, Үштамғалы болысының Сармырза деген бір қазағын алып келіп, некесін қидырып, Қақанға қосты да қойды. Қатын көнбеймін деп екі рет қашса, да тауып әкеп, ұрып-соғып үйіне отырғызып отыр.

Бір ғана Оразгүл емес. Ел ішінде мұндай зорлықтар толып жатыр. Сондықтан бұл күнгі әйел теңдігі делінген әдемі сөз, армандар қағаз бетінде ғана қалды-ау деймін» [8], - деп әйел теңдігін қалқан етіп Қаратастық дін өкілдерін құбыжық етіп көрсетіп, елді діннен безуге үндейді. Құдайсыздар қоғамының сойылын соғуға шақырады.

Тарқата айтқанда, Кеңестік үкіметтің тепсікісін көріп, тағдыр теперішін тартқан Қазығұрттық ишан-молдалардың да тар қапасақа қамалуы, қитұрқы саясаттың құрбанына айналуы толық зерделенуі тиіс. Дін жолын ұстанған сол азаматтарымызды ақтау – бүгінгі басты міндеттің бірі.

Сонымен қатар 1937 жылдың қанды қырғыны тұсындағы қасіретті тарихымыздың ащы шын-дығын айқын көрсететін архив құжаттарын ғылыми айналымға түсірудің де маңызы өте зор. Анығы сол, 1937 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының қарауында 26 аудан болатын

болса, сонда аудандық партия комитеттері мен атқару комитеті басшыларының екіден бірі жауапқа тартылды.

Жауапқа тартылған коммунистерге тіпті жеке істер де жүргізілмеген жағдайлар белгілі. Олардың жұмысының ақты-қарасын ажыратуды ешкім ойына алмай, жауапқа тартылса, не НКВД-нің қарамағына ілінсе, «халық жауы», не «троцкист-ұлтшылдар ұйымының» мүшесі немесе «халық жаулары» пәленше-төленшелермен тығыз байланыста болған деп партиядан шығара берген. Жаппай жазалаған.

Мәселен, 1908 жылы Перов уезі Терең-Ұзақ болысында туған, 1928 жылдан БК(б)П мүшесі болған Есенғұлов Сейтхан тұтқындалғанға дейін Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеген. 1937 жылдың 19 тамызында Ішкі Істер Халық комиссариатының Қазығұрт аудандық бөлімінің органдарымен тұтқындалған соң 1937 жылғы 28 тамыздағы ҚК(б)П Қазығұрт аудандық комитеті бюро мәжілісінің хаттамасымен партия қатарынан халық жауы ретінде шығарылған.

1938 жылғы 14 ақпандағы КСРО Жоғарғы сотының Әскери алқасының үкімімен антисоветтік, ұлтшыл ұйымның мүшесі ретінде РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-7, 8, 11-баптары бойынша ату жазасына кесіледі. Ал Есіркепов Рахымға келсек, ол 1907 жылы Перов уезі Жаңа Қорған болысының №5 ауылында дүниеге келіпті. 1931 жылдан БКП(б) мүшесі, партиядан шығарылғанға дейін Қазығұрт ауданының Тұрбат машина-трактор станциясының директоры болып қызмет атқарған.

1939 жылғы 19 наурыздағы ҚК(б)П Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті №72 бюро мәжілісінің хаттамасымен Р.Есіркепов ҚК(б)П Орталық комитеті II Пленумының шешімін орындауда саботаж жасағаны үшін партиядан шығарылды да, Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының 1939 жылғы 30 маусымдағы үкімімен Р.Есіркепов РКФСР Қылмыстық кодексінің 109-бабы бойынша 6 жылға бас бостандығынан айырылады.

Алайда Қазақ КСР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының анықтамасымен үкімнің күші жойылады, Р.Есіркепов қамаудан босатылады. 1944 жылғы 7 қаңтардағы Оңтүстік Қазақстан облыстық Ішкі Істер Халық комиссариатының шешімімен Р.Есіркеповке қатысты іс қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылып, ақталады және партия қатарына қайта алынады» [9]. Бірақ мұндай ақтаулар жүзден біреу ғана десек шындыққа жана-сады. Себебі, 1901 жылы Сырдария облысы Перов уезі Жөлек болысында туып, тұтқындалғанға дейін Қазығұрт аудандық халық судьясы болып жұмыс істеген, 1937 жылғы 5 қарашадағы КП(б)К Қазығұрт аудандық комитеті бюросы мәжілісін №32 хаттамасымен бөтен элементтермен байланысы үшін халық жауы ретінде партиядан шығарылған, 1937 жылғы 30 желтоқсандағы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі Істер Халық комиссариатының үштігінің қаулысымен Кеңес Одағына қарсы контрреволюциялық ұлтшыл ұйымның мүшесі ретінде РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабы бойынша ату жазасына кесілген Мекебаев Төлеген де, 1894 жылы Херсон губерниясы Алексеев болысы Мало-Александровка селосында туған, ұлты украин, 1919 жылдан БКП(б) мүшесі, тұтқындалғанға дейін Шымкент облысы, Қазығұрт ауданының астық меңгерушісі болып жұмыс істеген. Сидоренко Лука да саси сүргіннен аман қалған жоқ. Бір қызығы, оны партиядан шығару туралы құжаттар мұрағатта табылған жоқ.

1937 жылы 3 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы Л.Ф.Сидоренконы тұтқындап, 1937 жылғы 28 қазандағы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының арнайы алқасы үкімімен РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-7-бабы бойынша зиян келтіргені үшін 25 жылға бас бостандығынан айырған. Жазасын өтеп жүріп, 1940 жылы 16 наурызда түрмеде қайтыс болып, ол тек 1963 жылғы 16 тамыздағы Қазақ КСР Жоғарғы соты Президиумының қаулысымен қылмыстық іс тоқтатылып, ақталған [10].

Тіпті қарапайым колхозшылар да «халық жауына» айналып, жаза тартқан. Солардың санатында Сасықбаев Базарбай да бар. Ол 1885 жылы Ташкент уезі Жетісу болысы Жаңа базар ауылында туған екен. 1930 жылдан БКП(б) мүшесі, тұтқындалғанға дейін Қазығұрт ауданында «Бейнеткеш» колхозының колхозшысы болған.

Б.Сасықбаевты да партиядан шығару туралы құжаттар архивте жоқ. Белгілісі, 1938 жылғы 24 сәуірде Қазығұрт аудандық Ішкі Істер Халық комиссариаты бөлімінің органдары Б.Сасықбаевты Кеңеске қарсы көтерілісші-ұлтшыл ұйымға қатысқаны үшін тұтқындайды. 1941 жылғы 8 қыркүйектегі Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша КСРО Ішкі Істер Халық комиссариаты жанындағы Ерекше Кеңестің қаулысымен Б.Сасықбаев РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 7, 11 баптары бойынша 8 жылға бас бостандығынан айырылады.

1989 жылғы 31 мамырдағы Шымкент облысы прокуратурасының қорытындысына сәйкес Б.Сасықбаев КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығының 1-бабына сәйкес ақталған.

Және бір Қазығұрттық қуғын-сүргін құрбаны Орымбаев Орал 1910 жылы Түркістан уезінің Жаңа Базар ауылында туған екен. 1939 жылдан БК(б)П мүшелігіне кандидат болған ол тұтқындалғанға дейін Қаратас ауданының Жаңа Базар ауылдық тұтыну қоғамының (Коганович атындағы колхозы) есепші (бухгалтері) болып жұмыс істейді.

1941 жылы 12 желтоқсанда бойынша Ішкі Істер Халық комиссариатының Қаратас аудандық бөлімі органдарымен тұтқындалған. 1942 жылғы 13 маусымдағы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі Істер Халық комиссариаты Ерекше Кеңесінің қаулысымен О.Орымбаев РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабы бойынша 10 жылға бас бостандығынан айырылады[11].

1947 жылғы 1 тамыздағы ҚК(б)П Түркістан аудандық комитеті бюросының шешімімен О.Орымбаев кеңеске қарсы сөйлегені үшін партия мүшелігіне кандидаттар қатарынан шығарылады. Тек 1989 жылғы 31 мамырдағы Шымкент облысы прокуратурасының қорытындысымен О.Орымбаев КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының 1-бабына сәйкес ақталған.

Жалпы аудандағы репрессия құрбандарын саралап көрсек, олардың санатында өзге ұлт өкілдері де аз емес. Мәселен, Пак-Пон-Деннің ұлты корей. 1906 жылы Китай Охахен округі Содяха ауылында туған, ол 1930 жылдан коммунистік партияға мүше болып, тұтқындалғанға дейін Қаратас аудандық ішкі сауда бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс жүргізген.

1938 жылғы 28 маусымда ҚК(б)П Қаратас аудандық комитеті бюросы мәжілісінің №3 хаттамасымен Пак-Пон-Ден «халық жауы» ретінде партия қатарынан шығарылды да, сол жылғы 10 қазандағы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жанындағы Ішкі Істер Халық комиссариаты басқармасының үштігі қаулысымен Пак-Пон-Ден «Жапон барлауының пайдасына тыңшылық жасағаны үшін» ату жазасына кесілген [12].

1958 жылғы 13 ақпандағы Түркістан әскери округі Әскери трибуналының шешімімен оның әрекетінде қылмыс құрамының болмауына байланысты үштіктің қаулысының күші жойылып, ақталғаны жөнінде аз-кем құжат сақталыпты.

Демек Оңтүстік өңіріндегі саяси сүргіннің ауқымын аудандар бойынша әлі де терең зерттеп-зерделеу керек. Осы тұста тағы да біз зерттеу нысаны ретінде алып отырған аудан турасында тарқатып айтар болсақ, 1937-1938 жылдары Қазығұрт ауданына қанша адамның қуғын-сүргін құрбаны болғаны туралы нақты мәлімет жоқ. Дегенмен, 1937 жылдың өзінде ауданнан сексеннен астам адам репрессияланыпты. Жалпы, 1930 жыл мен 1952 жылдар аралығындағы кезеңде аудан шегінде жаламен 64 адам атылып, 471 кісі сотты болыпты. Бұлардың арасында Қазығұрт аупарткомының алғашқы жауапты хатшысы Қырғызбаев, аупартком төрағалары Исабеков, Қанболатов, «астық үштігінің» бастығы Оңалбек Максұтбаев, аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары Мәулен Естемесов, облыстық соттың Қазығұрт аудандық өкілі Бек Әлиасқарв, Ақпарақтан Жүсіп Төлебаев, Бейнеткеш колхозынан Ораз Бейсебеков, Еңбек ауылынан Өмірбай Әбішев, Қақпақтан Жұмат Әбілқайыров, Тұрбаттан Қабықожа Әміреқожаев, Иманқожа Сағатқожаев, Өрісбай Сауытбеков, Тоболинодан Андрей Вайберг, Атбұлақтан Бекмырза Ұлтанбеков, Қаппар Естемесов, Көкібелден Омар Сарғасқасев, Жаңабазардан Тұманбек Әлсейітов, Ұядан Айтбай Мошқалов, Рабаттан Бәйімбет Қамбаров, Жігергеннен Пернебек Рысбеков және тағы басқа да көптеген азаматтар бар екен [13]. Бұл деректер өңіріміздегі белгілі тарихшы, шежірешісі Момбек Әбдәкімұлының зерттеулерінен кездестірдік.

Сонымен қатар Шымкент қаласындағы саяси қуғын-сүргін музейі қызметкерлері түзген мына бір тізімде де бірді-екілі Қазығұрттық репрессия құрбандарының, олардың ұрпақтарының аты аталады:

2 кесте

Дүйсеналиев Темірхан	қызы Келдібекова Елена, Шымкент	1900 жылы Созақ ауданында дүниеге келген, Қызылқұм ауданы 1937 жылы 6 желтоқсанда тұтқындалып. 1938 жылы 19-20 мамырда 10 жылға соталған. Мақташы ауданы жинақ кассасының меңгерушісі.
Байзақов Мәуленкүл	туысы Мамырқұлов Зұлыпқар, Шымкент	Байзақов Мәуленкүл Исақұл 1990 жыл. ОҚО мал дәрігері. 1938 жылы 8 ақпанда атылған.
Бектұрсынов Шаймерден	ұлы Бектұрсын Берік, Түркістан	ОҚО, Түркістан ауданы 1906 жылы дүниеге келген, мектеп мұғалімі. 1942 ж 31 наурыз айында ату жазасына кесілген. 1942 ж 7-мамыр айында атылған.
Бүзіріков Зікірия	қызы Маденова Анипа, Шымкент	ОҚО, Келес ауданы 1909 жылы дүниеге келген, молда- тәуіп болған.
Жантасов Қамыспай	ұрпағы Сералиев Нұрлан, Шымкент	1856 жылы Арыс ауданы, Көктерек ауылында дүниеге келген, сауатсыз, мал баққан. 1932ж 4 қыркүйекте ұсталған, 1933 ж 19 сәуірде 10 жылға сотталған.
Ишанханов Гултурехан	Гүлтураев Изатулла, Шымкент	1871 ж. Сайрам ауд., Қарабұлақ колхозы, молда-ишан, 1937 ж. 1 қыркүйекте ұсталып, 1937 ж. 22 қарашада атылған.
Қаламбаев Аббас	қызы Рабиға , ұлы Шора, Шымкент	1900 жылы Созақ ауданында дүниеге келген, Қызылқұм ауданы 1937 ж 6 желтоқсанда тұтқындалып. 1938 ж. 19-20 мамырда 10 жылға соталған. Мақташы ауданы жинақ кассасының меңгерушісі.
Тұрлыбеков Мақұлбек	ұрпағы Мақұлбеков Әзім Жұмақұл, Шымкент	1894 ж. ОҚО Шәуілдір ауд., Көксарай ауылы, 1937 ж. 25 желтоқсанда тұтқындалып, 1937 ж. 30 желтоқсанда 10 жылға бас бостандығынан айырылған
Мырзаходжаев Әшім	ұлы Қасым, Шымкент	1906 жылы ОҚО Арыс №9 ауылында дүниеге келген, Қызылқұм ауданында хатшы болған 1938 ж. 13 мамырда ұсталған. 1939 ж. босатылған, 1976 ж. 73 жасында қайтыс болған, шежіреші.
Нұрбеков Ақылбек	қызы Нұрбекова Раушан, Шымкент	ОҚО, Шаян ауданы, Майбұлақ ауылы Бөген МТС-інде агроном болған.
Сүлейменов Асан	ұрпағы Бақытжан Жолдасбекұлы, Шымкент	1881ж. ОҚО Отырыр ауданы, Көксарай ауылында дүниеге келген 1937 ж. 29 қарашада атылды. 1954 ж. 17 ақпанда саяси қуғын-сүргін құрбаны деп танылды.
Рысбеков Жәнібек	ұрпағы Айталым апа, Шәріп ағай, Шымкент	1907 ж. Шардара жер бөлімінде бухгалтер болған. 1938 ж. 22 қаңтарда ұсталған, 1938 ж. 14 ақпанда атылған.
Рысбаев Жорабек	қызы Қаншайым, Шымкент	1912 ж. т. Созақ ауд. Шолаққорған. Созақ бөлімі Госбанкте жұмыс істеген. 1937 ж. 30 желтоқсанда 10 жылға бас бостандығынан айырылған, 1944 ж. 22 қаңтарға дейін Ярославск аудн. Рыбинск қаласында Излагта мерзімін өтеген.
Бекбауов Оспан	келіні Гүлшат, Шымкент	1905 жылы ОҚО Арыс ауданында туылған. 1938 жылы 8 ақпанда сотталған.

Көшекөв Рахманқұл	ұлдары Рахманқұлов Әбдіқадыр, Серік. Шымкент	1885 ж. Арыс ауд., Бөржар ауылында туылған, 1937 ж. 13 қазанда ұсталған, 1937 ж. 27 қарашада атылған.
Нұрметов Махмуд	ұрпағы Нұрметов Хамиттің, әйелі Муаззам. Шымкент	1894 жылы Шымкент қаласында туылған, өзбек, жұмысшы. 1937 жылдың 27 қыркүйегінде сотталған.
Бектұрсынов Төлеген	Бектұрсынов Нұрсалибидин, Шымкент	1886 ж. ОҚО Мақталар ауд. туылған. 1937 жылы 1 қарашада сотталған.
Мырзабек Ембердиев	Роза Кемелбекқызы Шымкент	1901ж. Түлкібас ауд. Соловин селосында туылған. 10 жылға сотталған.
Ағыбаев Ордабай	Туысы Әбдіраймов Тұрысбек Шымкент	1908 ж. Түлкібас ауд., Каиршахтинск ауылында туылған. 1937 жылы ұсталып, 1938 жылы атылған.
Бейсенбаев Аймырза	Сыздықова Кенжекен, Шымкент	1895 жылы Созақ ауданында туылған. 1937 ж. 13 тамызда қамалып, 1937 жылы 11 қазанда ату жазасына кесілген.
Артықбаев Сарман	ұрпағы Тойбазаров Амангелді Шымкент	1877 жылы ОҚО Арыс ауданы, Ленин ұжымшарынд туылған. 1937 жылы 7 желтоқсанда сотталған.
Бағызбаев Мәмбетәлі	ұрпағы Рысқұл Шымкент	1889 ж. Түлкібаста туылған. Райфода қызметкер. 1937 жылы 25 тамызда ұсталған, 1938 жылы 19 ақпанда атылды.
Ибраев Есмұрза	ұрпағы Есмұрзаев Бауыржан	1893 жылы Шәуілдір ауданында туылған. «Жарты төбе» колхозында төраға болған. 12.11.1937 жылы сотталған. 28.11.1938 атылған. 1989 жылы ақталған.
Абдуразақов Абдухалық	ұлы Марат	1891 ж. Шымкент қаласында туылған. 1918- 1922 ж Арыс аудандық атқару комитетінің төрағасы.1923-26 жылдары Шымкент уездік жергілікті шаруашылық бөлімінің менгеру- шісі. Совет өкіметінің орнауына белсене арласқан қоғам қайраткері .1937 жылы жалған жаламен сотталып ату жазасына кесілген.
Сатыбалдиев Исмайыл	ұлы Әділбек	1904 жылы Сайрам ауданы, Қарамұрт ауылында туылған. Қызылқұм ауданында хатшы болып жұмыс істеген. 06.08. 1937 жылы сотталып ату жазасына кесілген. 1959 жылы ақталған.
Шөжекбаев Бейсұлтан	ұлы Байназар	1908 жылы Түлкібас ауданында туылған. Колхозшы, мұғалім болып жұмыс істеген. 1947 жылы 25 жылға сотталған. 1960 жылы ақталған.
Белхожаев Махат	ұлы Қуандық, Сарыағаш	1886 жылы Қазығұрт ауданында туылған. шаруа болған. 14.08.1937 ж. сотталып, 03.11.1937 жылы атылған.
Есжанов Боранбай	қызы Аян	1896 жылы Түлкібас ауданында туылған. «Октябрь» колхозында завферма болып жұ- мыс істеген. 1937 жылы 10 жылға сотталған. 1949 жылы Краснояр өлкесіне жер аударыл- ған. 16.01 1989 жылы ақталған.
Құманбеков Дәуренбек	ұлы Мамыт, Жетісай	1898 жылы Отырар ауданында туылған. 1930- 1936 жылы Түркістандағы астық қабылдау мекемесінде КАЗЦИК мүшесі болған. 14.02.1938 ату жазысына кесілген. 1956 жылы ақталған.

Қыстаубаев Жұмабек	ұлы Марат	1900 жылы Түлкібас ауданында туылған. Мұғалім болған. 1937 жылы «Балықшы» балалар үйінде директор болып жұмыс істеп жүргенде 10 жылға сотталған. 1947 ж. Сібірге 5 жылға жер аударылған. 1957 жылы ақталған. 1982 жылы қайтыс болған.
Асқаров Есім	ұрпағы Есалы, Түркістан	1893 жылы Түркістан ауданында туылған. «Еңбекші» артелінде есепші болып жұмыс істеген. 17.02.1938 жылы сотталып, 05.09.1938 жылы атылған. 1958 жылы ақталған.
Бейсебеков Ораз	ұрпағы Естаев Ерман	1890 жылы Қаратас ауданында туылған, колхозшы болған. 1928 жыл 2 жылға сотталған. 1938 ату жазасына кесілген. 1989 жылы ақталған.
Қошқарбаев Бейсен	қызы Қошқарбаев Разия, Түркістан	1892 жыл Түркістан ауданында туылған. Извозчик болып жұмыс істеген. 1938 жылды ату жазасына кесілген. 1956 жылы ақталған.
Атамгелдиев Егембай	ұрпағы Атамгелдиев Қанатбек, Қазығұрт	Атамгелдиев Егембай - 1901 жылы Алғабас ауданында туылған. Алғабас колхозының төрағасы болған. 1941 жылы сотталған.
Әлікеев Ерменбек	Ерменбекова Бағила, Шымкент	Әлекеев Ерменбек - 1880 жылы Түлкібас ауданында туылған. Молда, мал-мүлкі тәркіленген. 22.03.1937 жыл сотталып, 10.11.1937 жылы атылған. 26.08.1968 жылы ақталған.

Демек, індетте зерттеп, іздене жазамын деген зерделі зерттеушіге тамызық болар тақырыпта, тұлға да көп.

Осы тұста арнайы архивтердің құпия қорларындағы қылмыстық істер турасында да аз-кем талдау жасағанды жөн санап отырмыз. Өйткені Шымкент қаласы Полиция департаментінің арнайы архивіндегі істердің ішінде Қазығұрт ауданының белді қызметкерлеріне қатыстылары да жетерлік. Солардың бірі – Нарботаев Мұса. Ұлты өзбек бұл азаматты кей құжаттарда Мұсағазы деп те жазыпты. 1865 жылы Шымкент қаласында қарапайым диқан шаруаның шаңырағында туған Мұса сауатты кісі болыпты. Оған жабылған жала да күлкілі. Онда: «Шымкент қаласының тұрғыны Мұсағазы Нарботаев ОК Политбюро мүшесі, Ленинградобкомының хатшысы жолдас Киров қасақана өлтірілгенде, жұрт қайғыға батқанда терроршыларды қолдап ел алдында пікір білдірді. Төңкеріске, бүлікке бастайтын теріс үгіт-насихат жүргізді. Контрреволюционер-терроршылардың Кировты өлтіруін құптады. Өлген кісінің артынан ғайбат сөздер айтып, көпті адастыруды көздеді. Тергеу барысында өзінің кінәлі екенін, қаскүнем екенін мойындамаса да, куәгер Ф. Егембердиев, Н. Парпыбаевтардың жазбасынан соң әділ жаза кесілді» делінеді. Яғни, айтылған, айтылмағаны белгісіз сөзбен-ақ сотқа сүйреп, қолдан «жау» жасаудың жолын табады.

Енді Нарботаевтың тергеушілерге 1935 жылы берген жауабына біршама үңіліп көрелік. Тергеу хаттамасында ол: «...Мені газет мақаласын халыққа терес түсіндірді, Кировты қаралады деу барып тұрған жала. Біріншіден, мен газет оқымаймын. Екіншіден, ұлтым өзбек, қазақшаға да шорқақпын, латынша мүлде хат танымаймын. Кей-кейде немеремнің оқып бергенін ғана тың-даймын. Онда да оқитынымыз тек өзбек басылымдары. Кировтың өлімі туралы базарға барғанда естідім. Газетті базарға жиналған жұртқа оқып беріп жатқан бейтаныспен де еш байланысым жоқ. Оқығанда да ол басы артық сөз айтқан жоқ. Тек қаралы хабарды халыққа жеткізді. Керісінше біз Кировке қасақана қастандық ұйымдастырғандарды жұрт болып жазғырдық, терроршыларды күстәналадық. Кировтың қазасы жайлы мешіт жанындағы шайханада отырып теріс талқылады дегенді қайдан шығарып алғансыздар?! Шикі өтірік. Мен секілді қарапайым тігіншінің саясатта шаруасы қанша?! «Өлсе бір адам өліпті дә. Өлмесе

өмірем қапсын, оның баратын жолы сол. Арғы дүниесінде сазайын тартсын» деген сандырақты аузыма алған да емеспін. Ия, рас, шайханада көп боламын. Таныс-тамырлармен шаруа жайын, тұрмыс қамын сөз қылсам қылған шығармын. Әлгіндей сөзді айтқан жоқпын, өзгелердің де аузынан есітпедім. Сондықтан өзімді кінәлі деп санамаймын» [14], - деп шындығын айтып шырылдаса да, куәгерлер басқаша сайрап, жазықсыз күйдірген сыңайлы. Себебі Егембердиев Ф. Өз куәлігінде: «...1935 жылы Шымкент қаласындағы шайханада Мұсағазы, Нормат және тағы есімі есімде жоқ екі-үш диқан шай іштік. Әжік-күжік күнделікті әңгіме әрі-беріден соң саясатқа ойысып, жаңа ғана жұрт алдында хабарланған Кировтың өлтірілуі туралы өрбіді. Бәріміздің де сауатымыз бар, саяси сауатымыз да ашылған, сондықтан мен қанішерлердің үлкен мемлекет қайраткерін қапыда қаза қылғанын қадап айтып, өкініштен өзегім өртеніп отырғанын жеткізе бергенімде, қандай ойы барын, қай түлен түрткенін қайдам, Мұсағазы бірден әңгімеге араласып, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып біраз оттады. Сыпайылап айтсам: «...Бір қайраткерсымақ ажал тапса тауышты, оның несіне таусылып қайғыра-сыңдар. Керісінше Кеңес үкіметі Кировтың өлімі үшін кек қайтарамыз деп бірнеше жүз жазықсыз қала тұрғындарын оққа байлады ғой, оны неге айтпайсыңдар?!» деді. Басқа айтқандары есімде емес. Әлгі екі диқанды да сол жағдайдан кейін базар маңынан көрген емеспін. Сондықтан оларды Нарботаевтың сыбайластары деп кесіп айта алмаймын. Түрлерін де ұмыттым, қарсы кездесе танитын едім дей алмаймын» [15], - деп бір бет парақ жазумен-ақ кешегі жолдасын жауға айналдырыпты.

Осылайша НКВД қызметкерлерінің арнайы жиынында мәселесі майшаммен қаралған қарапайым тұрғын КСРО қылмыстық кодексінің 58-бабының, 10-тармағы бойынша айыпталып, іс насырға шаба жаздағанымен бірнеше ай азап шеккен азамат ақыры босап шығыпты. Бірақ мұндай әділеттілікті қалпына кетіруге НКВД қызметкерлерінің ілуде біреуі ғана құмбыл болды десек, ақиқаттан алыс кетпейміз. Қалай дегенде де 1928-1938 жылдардағы сот және тергеу ісі құжаттарын Кеңестік саяси репрессияны зерттеуде маңызды дерек ретінде қарастыруға әбден болады. Таңдалған тақырыптың өзекті болатындығы да содан.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Қазығұрт ауданынан кеңестік кезеңде саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарға қатысты архив құжаттарын кең көлемде зерделеу – басты міндетіміз. Кеңестік кезеңдегі сталиндік террордың құрығына түсіп, жазықсыз жазаланған азаматтардың денінің азаттық таңы атқанда ақтала бастағаны құптарлық-ақ.

Саяси қуғын-сүргін кезінде оңтүстік өңірінің де, оның ішінде Қазығұрт ауданының да көптеген тұлғалары сотсыз, тергеусіз қамауға алынып, дені ату жазына кесіліп, сот және соттан тыс органдармен айыпталғандықтан, олардың барлық отбасы мүшелері де саяси қуғын-сүргін құрбаны болды, өйткені олар тұрғылықты жерлерінен қуылды, сайлау және басқа да азаматтық құқықтарынан айырылды, мекен-жайларынан қашуға мәжбүр болды, абақтыға жабылды және т.б. Тіпті, олардың туыстары, әріптестері, жақындары қуғын-сүргіннен зардап шекті, қуғын-сүргін құрбандары болды. Адам ретінде өмір сүру мүмкіндігінен айырылды.

Сондықтан Оңтүстік өңіріндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын зерттеушілер толыққанды зерделеуге қалалық және аудандық архив қорларын әлі де болса мұқият қарауы қажет деп білеміз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құрған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия да аз жұмыс атқарған жоқ. Сол себепті де саяси қуғын-сүргінде сотты болған аталмыш аудан азаматтары туралы мұрағат материалдарын елеп-екшегенде, ақиқаттан алыстамай, мұқият зерделеген абзал.

Қазығұрт ауданының саяси қуғын-сүргін тарихы — Кеңес үкіметінің тоталитарлық жүйесінің халыққа жасаған зорлық-зомбылығының айқын дәлелі. Бұл тарих еліміздің тәуелсіздік жолында күрескен азаматтардың ерлігін еске түсіріп, жас ұрпаққа әділдік пен бейбітшіліктің маңызды-лығын жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Түркістан облысының мемлекеттік архиві (ТОМА). 79-қор, 1-тізбе, 168-іс, 11 п.
2. ТОМА. 74-қор, 1-тізбе, 21-іс, 9 п.

3. ТОМА. 74-қор, 1-тізбе, 168-іс, 2 п.
4. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның материалдары. XX ғасырдың 20-50 жылдары. XXV том, 83-84 бб.
5. Шымкент қаласы Полиция департаментінің арнайы архиві. 298/703-іс, 1-том, 12 п.
6. Кеңес өкіметінің дін саясаты және діни себептермен қуғындалғандарға қатысты архив құжаттары. Құжаттар мен мақалалар жинағы. Жауапты редактор: ф.ғ.д., профессор Кенжетай Досай, құрастырушылар Оразбай С., Төлегенов М. А.- 2022ж, 165 б.
7. «Ақ жол» №456. Сәрсенбі, 9 июль, 1924 жыл.
8. «Ақ жол» №56. Сенбі, 7 май, 1921 жыл.
9. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 40-қор, 1а-тізбе, 620-іс.
10. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 40-қор, 78а-тізбе, 101-іс.
11. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 40-қор, 2а-тізбе, 425-іс.
12. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 40-қор, 79а-тізбе, 126-іс.
13. Қазығұрт ауданының энциклопедиясы. (Құрастырған: М. Әбдәкімұлы). А. – 2023, 36 б.
14. Шымкент қаласы Полиция департаментінің арнайы архиві. №1056 М. Нарботаевтың ісі. 10 п.
15. Шымкент қаласы Полиция департаментінің арнайы архиві. №1056 М. Нарботаевтың ісі. 12 п.

References:

1. Türkistan oblysynyň memlekettik arhivi (TOMA). 79-qor, 1-tizbe, 168-is, 11 p.
2. TOMA. 74-qor, 1-tizbe, 21-is, 9 p.
3. TOMA. 74-qor, 1-tizbe, 168-is, 2 p.
4. Saıasy qyǵyn-sürgin qurbandaryn tolyq aqtaıy jónindegi memlekettik komısiıanyň materialdary. XX ǵasyrdyń 20-50 jyldary. XXV tom, 83-84 bb.
5. Shymkent qalasy Polısiıa departamentiniń arnayı arhivi. 298/703-is, 1-tom, 12 p.
6. Keńes ókimetiniń din saıasaty jáne dini sebeptermen qyǵyndalǵandarǵa qatysty arhiv qujattary. Qujattar men maqalalar jınaǵy. Jaıapty redaktor: f.ǵ.d., profesor Kenjetai Dosai, qurastyryshylar Orazbai S., Tólegenov M. A.- 2022j, 165 b.
7. "Aq jol" №456. Sársenbi, 9 ýl, 1924 jyl.
8. "Aq jol" №56. Senbi, 7 mai, 1921 jyl.
9. Türkistan oblysynyň qoǵamdyq-saıasy tarihynyň memlekettik arhivi. 40-qor, 1a-tizbe, 620-is.
10. Türkistan oblysynyň qoǵamdyq-saıasy tarihynyň memlekettik arhivi. 40-qor, 78a-tizbe, 101-is.
11. Türkistan oblysynyň qoǵamdyq-saıasy tarihynyň memlekettik arhivi. 40-qor, 2a-tizbe, 425-is.
12. Türkistan oblysynyň qoǵamdyq-saıasy tarihynyň memlekettik arhivi. 40-qor, 79a-tizbe, 126-is.
13. Qazyǵurt aıdanynyň ensiklopediasy. (Qurastyrǵan: M. Ábdákimuly). A. – 2023, 36 b.
14. Shymkent qalasy Polısiıa departamentiniń arnayı arhivi. №1056 M. Narbotaevtyń isi. 10 p.
15. Shymkent qalasy Polısiıa departamentiniń arnayı arhivi. №1056 M. Narbotaevtyń isi. 12 p.